

БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссиясының төрағасы
Басқарма Төрағасы – І.Жансүгіров
атындағы Жетісу университеті ҚЕ АҚ
ректоры, з.ғ.д., профессор



Е. Бурибаев

2025 ж.

Докторантураға түсушілерге арналған түсу емтиханының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы: 8D04201 – Құқықтану

Білім беру бағдарламалар тобы: D078 Құқық

1. Негізгі ережелер

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде 8D04201 – Құқықтану білім беру бағдарламасына докторантураға түсетін тұлғалар үшін жасалды.

8D04201 – Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау емтиханы күнтізбелік жылдың 4-20 тамыз аралығында университет базасында өткізіледі. Докторантураға қабылдау ағымдағы жылдың 28 тамызында аяқталады. Қабылдау емтиханын тапсыру күні мен уақыты, орны университет сайтында жарияланады.

Қабылдау емтиханы әңгімелесу, эссе, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады. Қабылдау емтиханының нәтижелері докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл ретте Философия докторлары (PhD), әңгімелесудің үлес салмағы 30 баллды, эссенің үлес салмағы 20 баллды, Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары жауабы үлес салмағы 50 баллды құрайды және өткізілгеннен кейінгі күні жарияланады. 8D04201 – Құқықтану білім беру бағдарламасына түсу үшін шекті балл 75 балл болып табылады.

2. Қабылдау емтиханының мақсаттары мен міндеттері

Қабылдау емтиханының мақсаты – талапкердің докторантураға теориялық және практикалық дайындығын, білім, білік және дағдыларының дайындық саласындағы докторантура талаптарына сәйкестік деңгейін анықтау.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- 8D04201 – Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша теориялық негіздердің білім деңгейін тексеру;
- ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен қабілеттерін анықтау;
- оқу және ғылыми әдебиеттердегі тиісті ережелерге сілтемелермен жұмыс істеу қабілетін тексеру;
- ойлау мәдениетін, зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдеу қабілетін анықтау;
- кәсіби функцияларды жүзеге асыруға байланысты мақсаттар қою және міндеттерді тұжырымдау қабілетін бағалау;
- арнайы кәсіби терминология мен лексиканы меңгеру деңгейін бағалау.

3. Докторантураға түсетін тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Философия докторы PhD ғылыми атағын алу үшін Құқықтану докторантурасы бойынша білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалар үшін білім берудің алдыңғы ең төменгі деңгейі магистр дәрежесі немесе бейіндік магистратураға теңестірілген жоғары арнаулы білім болып табылады. PhD бағдарламасына кемінде 3 (үш) жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар қабылданады.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде.

Үміткер докторантураға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметіне дайын болуы керек. Өтініш беруші заманауи зерттеу әдістерін жетік білуі керек. Сонымен қатар, үміткер келесі ғылыми және әдістемелік дағдыларға ие болуы керек:

Білу:

- құқық теориясы мен заңнаманың негізгі ұғымдары мен принциптерін;
- құқықтық зерттеулер жүргізудің әдіснамалық негіздерін;
- құқықтық нормалар мен құқықтық жүйелердің құрылымы мен функцияларын;
- заманауи құқықтық ақпараттық базаларды және нормативтік-құқықтық актілерді.

Білуі керек:

- ғылыми-зерттеу әдістерінің түрлерін және олардың қолдану аясын;
- салыстырмалы құқықтану және құқықтық талдау әдістерін;
- ғылыми мақалалар, диссертациялық жұмыстарды дайындау және жариялау талаптарын;
- құқықтық дереккөздермен және ақпараттық жүйелермен жұмыс істеу қағидаларын.

Меңгеруі:

- зерттеу тапсырмаларын тәуелсіз және жүйелі орындау;
- құқықтық құжаттарды, нормативтік актілерді аналитикалық тұрғыда талдау;
- ғылыми мәтіндерді жазу, құрылымдау және редакциялау;
- құқықтық зерттеулердің нәтижелерін практикаға енгізу үшін ұсынымдар жасау.

Келесі кәсіби дағдыларға ие болу:

- ғылыми-зерттеу жобаларын жоспарлау және басқару;
- көпшілік алдында ғылыми баяндамалар жасау және презентациялау;
- халықаралық ғылыми ынтымақтастық пен конференцияларға қатысу;
- құқықтық реформалар мен заңнамалық инициативаларды әзірлеуге қатысу;

- зерттеу нәтижелерін кәсіби ортада тиімді коммуникациялау.

4. Эссе жазуға қойылатын талаптар мен критерийлер

4.1 Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құра білу көрінетін аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

ЭССЕ түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Дәйектілігі	ғылыми-зерттеу қызметіне ынталану уәждер туралы үміткерлердің дәлелдері (research statement)	250 сөзден кем емес
Ғылыми-аналитикалық	үміткерлердің болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)	
Тақырыптық-проблемалық	пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны ұсыну	

4.2 ЭССЕ бағалау критерийі

Критерии	Дескрипторы	Балл
Тақырыпты ашу тереңдігі	мәселе теориялық деңгейде ашылуы, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттар қолданған	4
	мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	2
Аргументтелуі, дәлелдеу базасы	дәлелдердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дейін ойлау қабілеті	6
Композициялық тұтастық және баяндау логикасы	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттерінің логикалық байланысы, қорытынды бар	4
Жазу мәдениеті	академиялық жазудың озық деңгейі көрсетілген (ғылыми терминологияны білу, лексика, грамматика, стилистика)	4
Ең жоғарғы балл		20

5. Сұхбат тәртібі және бағалау критерийлері

Сұхбат PhD докторантурасына түсу емтиханның міндетті бөлігі болып табылады және бейнежазбаны міндетті түрде қолдану арқылы, қашықтықтан жүргізіледі.

Сұхбат басталар алдында емтихан комиссиясының хатшысы үміткерді комиссиямен таныстырады, сұхбаттың басталғаны туралы хабарлайды және бейнежазбаны қосады.

Үміткер камераға сәйкестендіру үшін жеке куәлік береді..

Сұхбаттың ұзақтығы 20 минутқа дейін.

Сұхбаттың бағалау – барлық комиссия мүшелерінің жинаған ұпайларының қосындысының орташа арифметикалық мәнімен есептейді.

Сұхбат кезінде қойылатын сұрақтар үлгісі:

1. Неліктен Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетін таңдадыңыз?

2. Сіздің академиялық және мансаптық мақсаттарыңыз қандай? Неліктен сіз осы білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?

3. Біздің университет, білім беру бағдарламасы сізге осы мақсаттарға жетуге қалай көмектеседі?

4. Егер сіз оқуға түссеңіз, біздің университеттің дамуына қандай үлес қоса аласыз? Сіз өз тарапыңыздан біздің университетке не бере аласыз?

5. Егер сіз біздің университетке түссеңіз, сіздің алдыңызда қандай ерекше мүмкіндіктер ашылады? Сіздің ғылыми және шығармашылық әлеуетіңіз қалай ашылады?

6. Сіз таңдаған мамандықты үйрену тәжірибеңіз бар ма?

7. Неліктен академиялық бағытты өзгертуге шешім қабылдадыңыз? (егер сіз жаңа мамандық бойынша оқуға түссеңіз)

8. Сіз қандай қосымша курстарда немесе бағдарламаларда оқыдыңыз? Алынған дағдылар қалай қолданылды?

9. Сіз мақтан тұтатын сабақтан тыс жетістіктеріңіз бар ма? Олар туралы айтып берсеңіз

10. Сіз командада немесе жеке жұмыс істегенді ұнатасыз ба? Белгілі бір жобада топтық жұмыс кезінде қандай рөл атқарғыңыз келеді?

11. Сіз немен айналысасыз және жақын арада оқудан басқа не істеуді жоспарлап отырсыз? 10 жылдан кейін өзіңізді қай жерде көресіз?

12. Неліктен сіз осы мамандықты таңдадыңыз? Неліктен докторлық дәрежеге ие болғыңыз келеді? Кіммен жұмыс істегіңіз келеді? Өз салаңыздың дамуына қандай үлес қосқыңыз келеді? Сізді қандай ғылыми сұрақтар қызықтырады?

13. Сіз таңдаған бағытта мансапты қалай дамытасыз?

14. Егер сіз жоспарланған салада мансап құра алмасаңыз, қалай әрекет етесіз?

15. Сіз қандай зерттеу тақырыбын таңдағыңыз келеді? Неліктен бұл зерттеу тақырыпты таңдадыңыз?

16. Сіздің зерттеулеріңіз тиімді болады деп ойлайсыз ба? Олар қандай нәтижеге әкеледі? Қазіргі зерттеуші қандай болуы керек? Оны сипаттаңыз.

17. Біздің университет сізге ғылыми-зерттеу жұмыстарында қалай көмектесе алады? Осы тақырып бойынша зерттеулер жүргізу біздің университетке не береді? Неліктен бұл маңызды болуы мүмкін?

18. Интернеттің қазіргі қоғамдағы рөлін ашыңыз?

19. Құқықтық зерттеулер жүргізу үшін қажетті заманауи тәсілдер туралы не білесіз?

20. Қазіргі жағдайда бизнесті қалай ұйымдастырар едіңіз?

Сұхбаттасу үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

№	Критерий	Дескриптор	Балл
1.	Дәйектілігі	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдей алуы. Оқуды аяқтағаннан кейінгі кәсіби және жеке өсу перспективаларын көре білуі.	6
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеруі.	9
3.	Креативтілік	Ойлаудың өзіндік ерекшелігі, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдерін қолдана алуы.	9
4.	Коммуникативтілік	Өз көзқарасын қысқа, көрнекі, мағыналы, дәлелді түрде жеткізе білуі, түйінді қорытынды жасай алуы Тілді меңгеру дағдысы	6
Ең жоғарғы балл			30

**Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға
дайындалуға арналған тақырыптар.**

**«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім)»
пәні**

1. Азаматтық құқықтың ұғымы

Азаматтық құқықтың ұғымы, пәні және азаматтық-құқықтық реттеудің әдісі. Азаматтық құқықтың басқа құқық салаларынан айырмашылығы. Азаматтық құқықтың қағидалары. Азаматтық құқықтың жүйесі.

2. Азаматтық құқықтың қайнар көздері

Азаматтық заңнама, азаматтық құқық нормалары мазмұндалған өзге де нормативтік - құқықтық актілердің түсінігі. Азаматтық заңнама жүйесі. ҚР Конституциясы азаматтық құқықтың негізі ретінде. Іскерлік айналым дағдыларының азаматтық-құқықтық маңызы.

3. Құқық салалары жүйесіндегі азаматтық құқық

Азаматтық құқық және азаматтық заңнама. Азаматтық заңнаманың уақытқа қарай қолданылуы. Азаматтық құқық жүйесіндегі әдет-ғұрып, іскерлік айналым әдет-ғұрыптары, халықаралық ұсынымдық актілер. Шет мемлекеттердің азаматтық құқығының негізгі белгілері.

4. Азаматтық құқықтық - қатынастар

Азаматтық құқықтық - қатынастардың түсінігі және ерекшеліктері. Азаматтық-құқықтық қатынастардың элементтері: субъектілері, мазмұны және объектілері. Субъективтік азаматтық құқықтар және субъективтік азаматтық міндеттердің түсінігі. Азаматтық құқықтық - қатынастардың түрлері.

5. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру

Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру түсінігі. Азаматтық құқықтарды жүзеге асырудың шектері. Субъективтік құқықты теріс пайдалануға жол бермеу. Азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдері. Мүліктік қатынастардың жалпы сипаттамасы. Мүліктік емес қатынастардың жалпы сипаттамасы. Азаматтық құқықтың нарықтық экономика қатынастарындағы рөлі. Азаматтық заңнама бойынша кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың негізгі тетіктері.

6. Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін азаматтық заңнама

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің азаматтық заңнама жүйесіндегі орны. Халықаралық шарттар және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы. Азаматтық заңнаманың уақытқа қарай, кеңістікке қарай және тұлғалар бойынша қолданылуы. Азаматтық заңдардың түсінілуі. Азаматтық құқық жүйесіндегі әдет-ғұрып, іскерлік айналым әдет-ғұрыптары, халықаралық ұсынымдық актілер.

7. Азаматтар азаматтық құқық субъектілері ретінде.

Азаматтық құқықтағы жеке тұлғалар түсінігі. «Азаматтар» және «жеке тұлғалар» ұғымдарының арақатынасы. Қазақстан Республикасының

азаматтары. Басқа мемлекеттердің азаматтары. Азаматтығы жоқ адамдар.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқық қабілеттілігі. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің мазмұны. Құқық қабілеттілігін шектеу.

Азаматтардың әрекет қабілеттілігі. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің мазмұны. Азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігі. Кәмелетке толмаған адамды толық әрекетке қабілетті деп тану (эмансипация). Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың (жас балалардың) әрекет қабілеттілігі. Әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі адамдардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібі.

Азаматтың тұрғылықты жері және заңды мекенжайы.

Қамқоршылық, қорғаншылық. Әрекет қабілеттілігі жоқ адамдарға қорғаншылықтың белгіленуі. Тұрғылықты жері және оның құқықтық маңызы. Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе өлді деп жариялау тәртібі және құқықтық салдары. Өлді деп жарияланған адамның тірі оралуынан туындайтын жағдайлар.

8. Заңды тұлға. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі.

Заңды тұлғалардың түсінігі және ерекшеліктері. Азаматтық айналымдағы заңды тұлғалардың рөлі. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі. Заңды тұлғалардың құқықтық жағдайы. Экономикалық айналымдағы заңды тұлғаларды дараландыру құралдары.

Заңды тұлғалардың құрылуы. Заңды тұлғаларды құрудың нормативтік, рұқсат етуші және өкімдік әдістері. Құрылтай құжаттар. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі.

9. Заңды тұлғалардың түрлері. Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.

Коммерциялық және коммерциялық емес заңды тұлғалар, олардың ерекшеліктері. Коммерциялық заңды тұлғалардың түрлері, шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың, өндірістік кооперативтердің, мемлекеттік кәсіпорындардың құқықтық сипаттамасы. Коммерциялық емес заңды тұлғалардың құқықтық режимі.

Заңды тұлғаның органдары. Заңды тұлғаның орналасқан жері. Заңды тұлғаның филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері.

10. Заңды тұлғаны қайта құру.

Заңды тұлғаларды қайта құру тәртібі. Заңды тұлғаны қайта құру: біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу.

Тарату және қайта құру заңды тұлғаларды тарату тәсілі ретінде. Заңды тұлғаларды таратудың негіздері мен тәртібі. Заңды тұлғалардың банкроттығы. Заңды тұлғаларды қайта құру түрлері мен нысандары

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. – 776 с.
2. Гражданское право. Том II. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы 2013. – 488 с.
3. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Выпуск 46. ҮЛГІ. Залог. Исполнение судебных решений / Под ред. К.А. Мами, А.Ж. Ештая, А.Г. Диденко – Алматы 2016. – 156 с.
4. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Выпуск 45. ҮЛГІ. Сборник судебных актов по недействительным сделкам / Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко – Алматы 2016. – 276 с.
5. Диденко А.Г. Вызовы времени: теория недействительных сделок и ее отражение в современной правовой действительности. – Алматы 2016 // Библиотека информационного портала Zakon.kz, <http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32648705>.
6. Диденко А.Г. Вызовы времени: теория юридических фактов и ее отражение в правовой действительности. Приложение к сборнику. Выпуск 44. – Алматы: Раритет, 2015. – 68 с.
7. Климкин С.И. Комментарий к Закону Республики Казахстан от 22 апреля 1998 года «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью». – Алматы 2013 // Библиотека информационного портала Zakon.kz, <http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31162727>.
8. Нестерова Е.В. Проблемы права государственной собственности (Курс лекций) // Библиотека информационного портала Zakon.kz, <http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31680805#pos=1;-173>.
9. Гражданское право: вызовы времени: материалы международной научной конференции, посвященной 70-летию юбилею д.ю.н., профессору Диденко А.Г. / Отв. ред. Уварова Н.В. – Алматы: Каспийский общественный университет, 2015. – 676 с.
10. Гражданское право Республики Казахстан: опыт теоретического исследования. Том 1 / М.К. Сулейменов. Часть первая. Историческая. – Алматы 2016. – 400 с.

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 27 желтоқсан. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>
3. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 г. // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет», <<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375>> (дата обращения: 10.10.2016 г.).

4. Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2011 г. «О браке (супружестве) и семье» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет», <<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1100000518>> (дата обращения: 10.10.2016 г.).

5. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2003 г. // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет», <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000442_> (дата обращения: 10.10.2016 г.).

6. Закон Республики Казахстан от 2 мая 1995 г. «О хозяйственных товариществах» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет», <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002255_> (дата обращения: 10.10.2016 г.).

7. Закон Республики Казахстан от 22 апреля 1998 г. «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет», < http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000220_ > (дата обращения: 10.10.2016 г.).

8. Закон Республики Казахстан от 13 мая 2003 г. «Об акционерных обществах» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет», <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000415_> (дата обращения: 10.10.2016 г.).

9. Закон Республики Казахстан от 1 марта 2011 г. «О государственном имуществе» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет», <<http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000413>> (дата обращения: 10.10.2016 г.).

10. Закон Республики Казахстан от 16 января 2001 г. «О некоммерческих организациях» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет», <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000142_> (дата обращения: 10.10.2016 г.).

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім)» пәні

1. Сатып алу-сату шартының түсінігі. Кепілдік мерзімі және оны есептеу тәртібі.

Сатып алу шартының түсінігі. Сатып алу-сату шартының мазмұны. Сатып алу-сату шартының жекелеген түрлері (тауар жеткізілімі, келісім-шарт жасау, кәсіпорынды сатып алу-сату, бөлшектеп сатып алу-сату, энергиямен жабдықтау) Сатып алу-сату шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері. Мүлікті беру кезіндегі сапасы, саны, мерзімі бойынша шарт

талаптарын бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі. Тауар сапасын тексеру. Тауарлардың түр – түрі. Тауарды буып – түйю. Тауарлар жиынтығы.

Тауардың жарамдылық мерзімі. Тауардың жарамдылық мерзімін есептеу. Тауар сапасына кепілдік беру. Тиісті сапасы жоқ тауар берудің зардаптары. Сатылған тауардың сапасына талап қоюдың ескіру мерзімі. Ұйымдардың талап арыз беру тәртібі. Сатылған тауардың сапасы туралы дауды қарау кезінде дәлелдеу ауыртпалығын бөлу. Тауарға ақы төлеу. Сатушының тауарға меншік құқығының сақталуы. Тауардың кездейсоқ жойылу және бүліну қаупінің сатып алушыға ауысуы.

2. Бөлшектеп сатып алу - сату шарты

Бөлшектеп сатып алу-сату шарты және оны құқықтық реттеу ерекшеліктері. Бөлшектеп сатып алу-сату шартының элементтері. Тауардың сапасы. Тауардың жарамдылық мерзімі.

3. Тауар жеткізілімі шарты.

Тауар жеткізілімі шартының түсінігі және оны құқықтық реттеу ерекшеліктері. Тауар жеткізілімі шартының элементтері. Тауарларды жеткізу тәртібі. Тауарларды жеткізу мерзімдері.

4. Айырбас шарты

Айырбас шартының түсінігі. Айырбас шартының мазмұны. Айырбас шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері.

5. Сыйға тарту шарты

Сыйға тарту шартының түсінігі мен мәні. Сыйға тарту шартының жалпы сипаттамасы. Сыйға тарту шартының элементтері. Сыйға тарту шартының нысаны. Қайырмалдық.

6. Рента.

Рента шарты. Рента шартының элементтері. Тұрақты рента. Ғұмырлық рента. Өмірбойы асырауда ұстау.

7. Мүліктік жалдау (жалға алу)

Мүліктік жалдау (жалға алу) шартының түсінігі. Мүліктік жалдау (жалға алу) шартының нысаны. Мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері. Мүліктік жалдау (жалға алу) шартының элементтері.

8. Мүліктік жалдау (жалдау) шартының түрлері.

Мүліктік жалдау (жалға алу) шартының түрлері. Жалға алу. Ғимаратты немесе құрылысты жалға беру шарты. Тұрғын үйді жалға алу шарты. Кәсіпорынның мүліктік кешен ретіндегі құқықтық сипаттамасы.

9. Лизинг шарты.

Лизинг шартының құқықтық табиғаты. Лизинг шартының пәні. Лизинг шартының негізгі шарттары. Лизинг шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері.

10. Несие шарты

11. Несие шартының түсінігі. Несие шартының мазмұны.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Жайлин, Г.А. Азаматтық құқығы. Ерекше бөлім. 1-ші т. [Мәтін]: Оқулық / Г.А Жайлин.- Алматы: NURPRESS, 2012. - 296 бет.
2. Василенко, Н.В. Страхование право [Текст]: Учебник / Н.В. Василенко.- Москва: Проспект, 2021. - 560с.
3. Городов, О.А. Информационное право [Текст]: Учебник / О.А. Городов.- 2-е изд.- Москва: Проспект, 2021. - 304с.
4. Тлебаева, Г.М. Гражданское право (Общая часть) [Текст] / Г.М. Тлебаева, О.Д. Тереник, Б.П. Кебеева.- Алматы: ИП Отан, 2015. - 223с.
5. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). / Отв. ред. М.К. Сулейменов. –Алматы, 2013. –776 с.
6. Гражданское право. Том II. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы 2013. –488 с.
7. Досжанова, А.С. Civil law of republic of Kazakhstan. Гражданское право в РК [Текст]: Учебное пособие / А.С. Досжанова. - Алматы: Қазақуниверситеті, 2020.- 156с.
8. Омарова, А.Б. Практикум по гражданскому праву [Текст]: Практикум / А.Б. Омарова, А.Н. Абишева.- Алматы: Қазақуниверситеті, 2018. - 100 с.
9. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. - Вып. 40 / Под ред. А.Г.Диденко. -Алматы: Раритет, 2012. - 344 с.
10. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика / Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко. –Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2014. – Вып. 43. - 253 с.

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 27 желтоқсан. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409>
4. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлесдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексі // <http://adilet.zan.kz/>.
5. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V // <http://adilet.zan.kz/>.
6. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V. // <http://adilet.zan.kz/> .
7. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V (26.07.2016 ж. өзгертулермен) // <http://adilet.zan.kz/>

8. Қазақстан Республикасындағы көлік туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156 Заңы // <http://adilet.zan.kz/>

9. Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңы» // <http://adilet.zan.kz/>.

10. Авторлық құқық және сабақтас құқық туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

«Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы» пәні

1. Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының ұғымы, жүйесі мен әдісі

Азаматтық іс жүргізу құқығының ұғымы. Азаматтық іс жүргізу құқығының жүйесі: жалпы және ерекше бөлімдер. Азаматтық іс жүргізу құқығының әдісі. Императивтік әдіс. Диспозитивтік рұқсат ету әдісі.

2. Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері. Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасы. Азаматтық сот ісін жүргізуде басым күші бар құқықтық нормаларды қолдану. Азаматтық процестік заңның уақыт тұрғысынан қолданылуы.

3. Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары

Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының ұғымы және мәні. Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының жүйесі. Азаматтық іс жүргізудегі ұйымдастырушылық-функционалдық қағидалар. Азаматтық іс жүргізудегі функционалдық қағидалар. Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларын жіктеу. Жалпы құқықтық қағидалар. Салааралық қағидалар. Салалық қағидалар.

4. Азаматтық сот ісін жүргізу түрлері. Азаматтық іс жүргізудің сатылары.

Азаматтық сот ісін жүргізу түсінігі және оның міндеттері. Азаматтық процестің кезеңдері. Азаматтық сот ісін жүргізудің саралануы және түрлері. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізудің жалпы сипаттамасы. Бұйрық арқылы іс жүргізу. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу. Азаматтық істі қозғау тәртібі. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындаудың мақсаты мен міндеттері. Шешім шығару.

5. Азаматтық істердің соттарға ведомстволығы және соттылығы.

Ведомстволық ұғымы. Ведомстволықтың түрлері. Сот ведомстволығының басымдығы. Ерекше іс жүргізу бойынша азаматтық істердің соттылығы. Өзара байланысты бірнеше азаматтық істердің соттылығы. Ведомстволық туралы заңнаманың даму тенденциясы. Соттылық ұғымы. Соттылықтың ведомстволықтан айырмашылығы. Соттылықтың түрлері. Тектік соттылық. Аумақтық соттылық және оның түрлері.

Азаматтық істердің мамандандырылған соттардың соттылығына жатқызылуы. Шарттық соттылық. Істі бір соттың іс жүргізуінен алып, басқа сотқа беру. Соттылық туралы ереженің сақталмауының салдары.

6. Процестік мерзімдер.

Процестік мерзімдер ұғымы және олардың маңызы. Процестік мерзімдердің түрлері. Процестік мерзімдерді есептеу. Процестік мерзімді өткізіп алудың салдарлары. Процестік мерзімді тоқтата тұру. Процестік мерзімдерді ұзарту және қалпына келтіру тәртібі.

7. Азаматтық іс жүргізудегі сот шығыстары.

Азаматтық іс жүргізудегі сот шығыстарының түсінігі мен құрамы. Мемлекеттік баж. Талап қою бағасы. Мемлекеттік бажды қосымша төлеу. Мемлекеттік баж төлеуден босату. Мемлекеттік баж төлеуді кейінге қалдыру. Мемлекеттік бажды қайтару. Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар. Сот шығыстарын тараптардың арасында бөлу. Сарапшыларға, мамандарға, куәларға, аудармашыларға төленуге тиісті сомалар. Куәларға, сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға сомаларды төлеу. Тегін заң көмегін көрсету. Өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу. Уақыт ысырабынан келтірілген залалдарды өндіріп алу. Талап қоюдан бас тарту, татуласу келісімі немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім, арызды қараусыз қалдыру кезінде сот шығыстарын бөлу. Тараптарға сот шығыстарын өтеу. Мемлекетке сот шығыстарын өтеу.

8. Соттың құрамы, қарсылық білдірулер.

Бірінші сатыдағы соттың құрамы. Азаматтық істерді апелляциялық және кассациялық сатыда қарау кезіндегі соттың құрамы. Соттың алқалы құрамымен азаматтық істерді қарау тәртібі. Судьяның істі мәні бойынша қарап, шешуге қайта қатысуына жол берілмейтіндігі. Судьяға қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) үшін негіздер. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арыз. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арызды қарау тәртібі. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арызды қанағаттандырудың салдарлары.

9. Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауаптылық шаралары.

Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауаптылық шаралары. Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауапқа тарту тәртібі.

10. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының ұғымы және оның ерекшеліктері. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының туындау негіздері

Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының ұғымы және белгілері. Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының пайда болуының алғы шарттары. Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының пайда болуы, өзгертілуі, тоқтатылуы. Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының субъектілері мен объектілері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Акимбекова С.А. Методические рекомендации по организации и проведению деловой игры по гражданскому процессу: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 78 с.
2. Борисова Е.А. Апелляция, кассация, надзор по гражданским делам: учеб.пособие, 2-е изд., перераб. и доп. — М. : Норма : ИНФРА-М, 2016. – 352 с.
3. Бычков А.И. Актуальные проблемы судебного разбирательства. - Издательство: Инфотропик Медиа, 2016. – с. 480.
4. Гражданский процесс: учебник. Отв. ред. Блажеев В.В., Уксусова Е.Е. - М.: Проспект, 2015. – 736 с.
5. Кайса С., Исакова А. Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу РК. (Часть 2). – Алматы: Жети Жаргы, 2014. – 384 с.
6. Камбарова Н.Ш. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: учебник. - Алматы: Нұр-Пресс, 2014. – 316 с.
7. Ковтков Д.И. Кассационное производство в гражданском процессе: монография. Издательство: Юстицинформ, 2016. -168 с.
8. Куанова И.З. Методика судебного разбирательства и составления судебного решения по трудовым спорам. Практическое пособие. – Астана: Prosper Print, 2014. – 84 с.
9. Макаров П.Н. Концентрация процессуального материала при разрешении гражданских споров (опыт Германии). - М.: Статут, 2014. - 335 с.
10. Мохов А.А., Воронцова И.В., Семёнова С.Ю. Гражданский процесс (гражданское процессуальное право) России: учебник. - М.: ООО «Юридическая фирма Контракт», 2017. – 384 с.

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
2. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132 Конституциялық заңы. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132_
3. "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000438>
4. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Жоғары Сот Кеңесі, сот жүйесі және судьялардың мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 437-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000437>
5. «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы N 531 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000531>

6. «Азаматтық іс жүргізу мәселелері жөніндегі конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 14 қарашадағы № 252-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000252>

7. «Қазақстан Республикасының Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 11-II // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000011>

8. «Азаматтық немесе сауда істері бойынша сот құжаттары мен соттан тыс құжаттарды шетелде тапсыру туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 22 шілдедегі № 338-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000338>

9. «Азаматтық немесе сауда істері бойынша шетелде дәлелдемелерді алу туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 485-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000485>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. – 776 с.
2. Гражданское право. Том II. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы 2013. – 488 с.
3. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Выпуск 46. ҮЛГІ. Залог. Исполнение судебных решений / Под ред. К.А. Мами, А.Ж. Ештая, А.Г. Диденко – Алматы 2016. – 156 с.
4. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Выпуск 45. ҮЛГІ. Сборник судебных актов по недействительным сделкам / Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко – Алматы 2016. – 276 с.
5. Диденко А.Г. Вызовы времени: теория недействительных сделок и ее отражение в современной правовой действительности. – Алматы 2016 // Библиотека информационного портала [Zakon.kz](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32648705), <http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32648705>.
6. Жайлин, Г.А. Азаматтық құқығы. Ерекше бөлім. 1-ші т. [Мәтін]: Оқулық / Г.А Жайлин.- Алматы: NURPRESS, 2012. - 296 бет.
7. Василенко, Н.В. Страхование право [Текст]: Учебник / Н.В. Василенко.- Москва: Проспект, 2021. - 560с.
8. Акимбекова С.А. Методические рекомендации по организации и проведению деловой игры по гражданскому процессу: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 78 с.
9. Борисова Е.А. Апелляция, кассация, надзор по гражданским делам: учеб.пособие, 2-е изд., перераб. и доп. — М. : Норма : ИНФРА-М, 2016. – 352 с.
- 10.Бычков А.И. Актуальные проблемы судебного разбирательства. - Издательство: Инфотропик Медиа, 2016. – с. 480.

**Құқықтық пәндер
кафедрасының меңгерушісі**

Д.Н.Бекежанов

**БББ жаңарту жобалық
Офисының жетекшісі**

М. Шмидт

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы**

Д. Солтанова

**Басқарма мүшесі – академиялық
мәселелер жөніндегі проректор**

Б. Таубаев